



Газет 1935 жылдан шығады
Газета издается с 1935 года

talgar_gazeta@mail.ru

www.talgargazeti.kz

Аудандық қоғамдық-саяси,
әлеуметтік-экономикалық газет

Районная общественно-политическая,
социально-экономическая газета

ТАЛҒАР

№55-56 (4439-4440)

Жұма, 18 желтоқсан, 2020 жыл

Пятница, 18 декабря, 2020

Тәуелсіздік
тәу етер
киелі
ұғым

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді ұлтымыздың ұлық мерекесі – Қазақстан Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне ие болғанмызға биыл 29 жыл толып отыр. Қарапайым тілмен айтқанда, нағыз ердің жасында, ұлы мақсаттардың басында тұрмыз. Тағылымы мол тарихымыз – ұлтымыздың ұлы күрестерінің куәсі. Біз осынау ұлы тағдырды қабыл алып, бірлігіміз бен еңбегіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз болашаққа нық сеніммен қадам басып келеді. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау біздің басты мұратымыз.

Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген талғарлықтардың да үлесі зор. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болсын!

С.Ерекешев,
аудан әкімі



УВАЖАЕМЫЕ ЗЕМЛЯКИ! ДОРОГИЕ ТАЛГАРЦЫ!

Поздравляю вас с главным государственным праздником – Днем Независимости! Этот праздник – грандиозное событие в жизни всего многонационального Казахстана. Взав за основу единство народа, мы преодолели все трудности. Сегодня наше государство продолжает успешно развивать экономику, укреплять социальную сферу и проводить демократические преобразования. Благодаря позитивным переменам, произошедшим за годы Независимости, Казахстан получил и широкое международное признание. Нашу страну знают во всем мире. И поэтому каждый житель нашего государства уверенно смотрит в будущее и гордится, что он гражданин Казахстана.

На нас возложена важнейшая миссия – сохранить и приумножить завоеванные за эти годы достижения.

От всей души поздравляю вас с этим праздником! Желаю всем благополучия, счастья, здоровья, мира и добра! Уверен, что ваш вклад нашего района в развитие и процветание нашей страны будет только расти. Пусть крепнет единство народа Казахстана и гордо реет знамя нашей Независимости!

С.Ерекешев,
аким района

БӘРЕКЕЛДІ

АЛҒАШҚЫ ЕСКЕРТКІШ БОЙ КӨТЕРДІ

Бүгінгі күні кие қонып, бақ дарыған Талғар топырағында ұлтымыздың ұлық мерекесі Тәуелсіздік күні қарсаңында «Алаш арыстарына тағзым» атты монумент бой көтеріп, ауданымыз тағы бір тарихи ескерткішке толығып отыр.

Айнаш ӘЛДИБЕК,
«Талғар»

Алматы-Талғар тас жолының бойында Бесағаш елді мекенінде өз уақытында «бүкілодақтық староста» атанған М.И. Калинин ескерткішінің орнына шаңырақ астындағы екі қапталында «Алаш Орда» және «Тәуелсіздік күрескерлері Алаш арыстарына тағзым!» деген сөздер жазылған Алаш қайраткерлеріне арналған мемориал бой көтерді.

2
БЕТТЕ



БАСПАСӨЗ – 2021

«ТАЛҒАР» – ЗАМАН ЖАРШЫСЫ



Аудан орталығынан шалғай жатқан №30 орта мектепте 502 оқушы білім алса, оларға 57 жоғары білімді ұстаз сабақ беруде. Мектептегі ұстаздардың бәрі де үнемі білімдерін жетілдіріп, ғаламтор арқылы ғылыми жұмыстармен танысып, әлемде болып жатқан оқиғаларға баға бере алатын қоғамның алдыңғы қатарда жүретін жандары десем артық айтқандық болмас.

Өйткені қоғамдағы жас ұрпақ тәрбиесі осы жандардың иығына жүктелген. «Оқу – инемен құдық қазғандай» – десек, ал адам тәбиелеу ісі – терең шыңырау құдықтан қауғамен су тартқанмен бірдей шаруа. «Білім – өмір шырағы». Ал бала тәрбиесіндегі ұстаздар жиі-жиі кітап ақтарып, газет-журнал беттеріндегі соңғы ғылыми жаңалықтарды іздеп жүріп оқымаса, онда білім беру ісі ақсады дей беріңіз. Біздегі мұғалімдер мұны жақсы біледі. Мектептегі әр пән мұғалімдері республикалық, облыстық газет-журналдардан бастап, аудан өмірінің айнасы «Талғар» газетін де үзбей қадағалап, оқып отырады. Өйткені аудандық газет 200 мыңнан астам халық тұратын Талғар ауданының тыныс-тіршілігі мен жаңалықтарын халыққа таныстырып отыратын үнпарақ емес пе?! Интернет пен ғаламтор арқылы бәрін біліп отыруға болады десек те, өзін өмір сүріп отырған өлкеңнің жаңалықтары бәрінен де қымбат. Қарапайым халық газет-журналға жазылуды қоя бастады десек те, оқу-ағарту саласында жүрген мұғалімдер үшін басты қажеттілік деп білеміз. Туғанбай ауылындағы №30 орта мектеп мұғалімдері 2021 жылға «Талғар» газетіне жазылуды өзімізден бастап, келер жылы да аудан өмірінің айнасына жазылуды міндет етіп қойып отырмыз.

Гүлжан Кокужукова,

№30 орта мектептің педагог - ұйымдастырушысы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Баршаңызды Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған ерліктері бүгінгі Тәуелсіз Еліміздің жарқын істерімен жалғасын табауда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы айтулы күні әр шаңыраққа игілік пен бақыт, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Алдымызда келе жатқан мереке қарсаңында Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде ауданымыздың мемлекеттік қызметшілерін Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттарын айқындап берген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін қатаң ұстануға шақырамын.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта:

- 1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масан күйде болу жағдайларына жол бермеуге;
- 2) қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;
- 3) өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге тиіс екендігін еске саламын.

А.Әшімақұн,
аудан әкімінің орынбасары-
Әдеп жөніндегі уәкіл

РАБОЧИЕ ПОЕЗДКИ АКИМОВ

СТРОИТЕЛЬСТВА – НА КОНТРОЛЕ У ОБЛАСТИ

Несмотря на сложившуюся ситуацию с пандемией, текущий год был насыщенным в плане сдачи объектов социально-экономического назначения. Напомню, что следующий 2021 год будет значимым, ибо нашей независимости исполнится 30 лет.

Фатима ЕРЖАНОВА,
«Талгар»



Талгара. В поездке его сопровождали первые руководители районов, СМИ. Для информации по строительству школы: заказчиком является ГУ «Отдел строительства Талгарского района», Генеральный подрядчик - ТОО «BiGlobal». Сумма договора – 3,15 млрд.тенге. До конца года будет освоено – 1,3 млрд.тенге, срок завершения по договору - декабрь 2021 год. Планируемый срок завершения - август 2021 года, необходимо выделить на 2021 год 1,77 млрд.тенге. Общая площадь школы составляет 12 883, 9 м³, данная школа была спроектирована на площади 4. 7 гектаров, рассчитана на 1200 мест с 8-ю блоками, беговая дорожка протяженностью 250 метров, имеется поле для мини-футбола с полосой препятствий, волейбольная и баскетбольная площадки, площадка для гимнастики и начальной военной подготовки.

Согласно программы рабочей поездки заместителя акима области Лаззат Махатович также ознакомился с ходом реализации проекта по газификации многоквартирных домов в городе Талгаре. По данным ЖКХ района, ранее были разработаны 11 БМК и реализовано трехстороннее инвестиционное соглашение между ГУ «Аппарат акима района» и ГУ «Управление энергетики и ЖКХ Алматинской области» и ТОО «Горизонт КЗ» от 1 сентября 2020 года. Реализация проекта позволит обеспечить теплом 13 многоквартирных жилых домов, 632 квартиры. На сегодняшний день завершены 8 котельных, по трем котельным ведутся работы. На обоих объектах Лаззат Махатович встретился с застройщиками, ознакомился с ходом работ, оценил их качество и дал ряд поручений.

АЛҒАШҚЫ
ЕСКЕРТКІШ БОЙ
КӨТЕРДІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бой көтеріп, Алаш автономиясымен қазақ мемлекетінің қайта жаңғыруы – тікелей Алаш қайраткерлерінің еңбегі.

«Алаш» – осы төрт ақ әріптен құралған мазмұны терең елеулі сөз, айтуға оңай болғанымен, астарында қисапсыз қасірет пен ұлт үшін құрбан болған қазақ зиялыларының қиын тағдыры, қазақ халқының тарихы жатыр.



Ескерткіштің салтанатты ашылу рәсіміне жиналған көрініс де, жастың да кеудесін кернеген қуанышты күлімдеген жылы жанарларынан-ақ байқауға болады.

Айтулы жиында алғашқы болып сөз алған аудан әкімінің орынбасары Ахмет Әшімақұнды, аудан әкімі Серікжан Ерекешевтің құттықтауын жеткізіп, ат салысқан азаматтарға алғыс білдірді.

Тарих ғылымдарының кандидаты, алаштанушы, жазушы Бейбіт Қойшыбаев қазақ тарихына шолу жасап, Алаш зиялыларының еңбектеріне ерекше тоқталды. Алдағы уақытта өскелең ұрпаққа өткен тарихты ұмыттырмай, Алаш арыстарының ерен еңбектерін құрметтеуді дәріптеп өсіруді баса айтты.

Өз кезегінде сөз алған «Ақжол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев жиналған қауымды еліміздің Тәуелсіздігімен құттықтап, биыл Қазақ АКСР-нің құрылғанына 100 жыл толуы мен бүгінгі бой көтеріп отырған ескерткіштің ашылуы қатар келіп отырғандығын жақсылыққа жорыды. Алаш қайраткерлерінің еңбегі мен ерлігіне тағзым етіп, келгендерді құттықтады.

Монумент авторы, Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бейсенғазы Сәдуұлы ескерткіштің бой көтеруіне ат салысып, қаржылай және рухани демеу болған жандарға, атап айтар болсақ, Талғар ауданының әкімдігіне, аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Фарида Бегенбаевға, Азат Перуашевқа, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының ректоры Ақан Әбдуәліге, бұрынғы мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедұлына, тіпті қаржылай қолдау көрсеткен қарапайым халыққа өз алғысын білдірді. Өткеніміз бен бүгінгіміздің арасын алтын көпір қылған Алаш арыстарының ерліктері ешқашан ұмытылмауы керек. Сондықтан осындай ескерткіштердің көбейгені Тәуелсіз еліміздің «Мәңгілік ел» болу идеясымен сабақтас екенін жеткізді.

«Алаш арыстарына тағзым» монументінің лентасын аудан әкімінің орынбасары Ахмет Әшімақұнды, Бейсенғазы Сәдуұлы, Бейбіт Орынбекұлы кесіп, Алаш арыстарының рухына тіл жанашыры, ұлт қайраткері Кәмнұр Тәлімұлы құран бағыштады. Салтанатты жиынға жиналған көпшілік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Иә, «Алаш» сөзі – киелі ұғым. «Не көрсем де Алаш үшін көргенім!» деп жанын шүберекке түйген Алаш арыстарының мұраты десе елдемейтін қазақ жоқ. Себебі азаттығымыздың бастауында Алаш тұр. Алаш – Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасының батыл да бастамашыл білік пен парасат, білім мен жауапкершілік тарихына қараған айнасы.

Алаш қайраткерлері туған халқын қалай сүюдің, оның мұң-мүддесін әртүрлі саяси жағдайларда қалай қорғаудың, Отанға адал және риясыз қызмет етудің теңдессіз үлгісін көрсетті. Шын мәніндегі тәуелсіз ел боламыз десек, Алаш қағидаттары мен ұстанымын үлгі ете білуіміз шарт.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

«СЕРВИСТІК ӘКІМДІК» АШЫЛДЫ

Перизат НҰРҚАЕВА,
«Талгар»

Өткен жылы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жариялап, білік пен қоғам арасын байланыстырушы көпір ретінде азаматтардың сұраныстарына шұғыл әрекет жасайтын мемлекеттік органдар құру қажет екендігін атап өткен еді. Міне, Мемлекет басшысының осы тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында қолға алынған «Сервистік әкімдік» біздің ауданымызда да ашылды. «Сервистік әкімдіктің» мақсаты – жемқорлықпен күресіп, кәсіби қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, әкімдердің жауапкершілігін күшейту. Орталықтың салтанатты ашылуына Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Ернар Мақажанов және аудан әкімінің орынбасарлары мен бірқатар бөлім басшылары қатысты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында облысымыздың барлық аудан, қалаларында «Сервистік әкімдік» ашылып жатыр. Күні кеше Панфилов ауданында ашылған еді. Бүгін облыс бойынша жиырмасыншы орталық Талғар ауданында ашылды. Ондағы мақсатымыз халыққа ашық болу, адал қызмет ету, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу. Талғар ауданында халыққа 84 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіп отырған 11 бөлімшенің 8-і осы орталыққа топтастырылды. Алдағы уақытта ауылдық округтерде осындай «Сервистік әкімдіктерді» ашу жоспарда бар, – дейді орталықтың жұмысымен танысып шыққан Ернар Абсейітұлы.



Бұл жоба тұрғындарға елдімекеннің әр жерінде орналасқан бөлімдерді іздей-ақ, мемлекеттік қызметтерді бір жерден алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қызмет сапасын көтеріп, халықтың цифрлық сауаттылығын арттырып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге септігін тигізетіні сөзсіз. «Сервистік әкімдік» мемлекеттік органдар жұмысының «Open-space» форматындағы тиімді үйлесімі болып табылады. Жаңа форматтағы мемлекеттік қызмет көрсету орталығы аудан әкімдігінің бірінші қабатында орналасқан. Мұнда бір мезетте 8 мекеме жұмыс істеп, тұрғындарға 48 мемлекеттік қызмет түрін ұсына алады. Электронды кезекпен қызмет көрсететін орталық мамандары халықты ашық алаңда қабылдайтын болады. Бұл дегеніміз уақытты үнемдеп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға да зор мүмкіндік береді. «Сервистік әкімдік» қағидаты мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кезде жайлы жағдай жасалуымен де ерекше. Атап айтқанда, күзиретті әрі кәсіби мамандармен қамтылған, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы, Wi-Fi желісі, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолайлы орындар және балаларға арналған

ойын алаңы, мемлекеттік қызмет алушыларға арнайы жабдықталған қызмет көрсету аймағымен қамтылған. Өзіне-өзі қызмет көрсететін «E-gov» бұрышы да бар. Мұндағы қызметке жүгіне келетін тұрғындардың дені құрылыс-сәулет, әлеуметтік қорғау, білім және коммуналдық шаруашылық мәселелеріне қатысты құжаттар алуға келетіндер. Қазірдің өзінде қызу жұмысын бастап кеткен орталықтың қызметіне талғарлықтар дән риза болуда.

Сонымен қатар ғимаратта «Жетісу-адалдық алаңы» жобасымен жабдықталған азаматтарды қабылдау бөлмесі де орналасқан. Бұл жерде аудан әкімі, әкім орынбасарлары, мекеме басшылары аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізеді. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Ернар Мақажанов алғашқылардың бірі болып қабылдау жүргізіп, кеңдалалық Ұлдан Ибраимова, Байбұлақ ауылының тұрғыны Эльмира Менисова, Гүлдала ауылының тұрғыны Бижамаал Найманбаева, Қайнар ауылдық округінің тұрғыны Аманжол Жонкешовтердің арыз-шағымдарын тындап, заң аясында кеңес берді.

«ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРДЫҢ» ҚАТАРЫ АРТТЫ

*Айнаш ӘЛДИБЕК,
«Талғар»*

Тәуелсіздік мерекесі аудандық әкімшіліктің кіші мәжіліс залында аталып өтті. Жиналғандарды мерейлі мерекемен құттықтаған аудан әкімі Серікжан Қазіулы жеткен жетістіктерімізді тілге тиек етіп, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азамат пен азаматшаларға Талғар ауданының «Құрметті азаматы» атағын беріп, арнайы «Құрмет грамотасымен» марапаттады. Атап айтар болсақ, Талғар қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Алма Ақбаева,



«Қызы ана» қоғамдық қорының төрағасы Нәбижан Мұхаметханұлы, еңбек ардагерлері Әсиягүл Өскенбаева, Бексұлтан Көлбаев, Әзиза Байсабаева, Мәнсия Боранбаева, бас мүфтидің кеңесшісі Тыныштықбай Мырзаев, аудандық сот төрағасы Максұт Текетаев, Талғар медициналық колледжінің директоры Бағжан Құдабаев, аудандық мәслихаттың депутаты, кәсіпкер Амангелді Сембаев пен Арман Раханов, аудандық аурухананың бас медбикесі Айнаш Нұрғалиева сынды өз жұмысын адал және кәсіби түрде атқарып, ауданның рухани және әлеуметтік дамуы жолында еңбек етіп жүрген өз ісінің мамандары құрмет төсбелгісін тақты.

Өз кезегінде сөз алған аудандық мәслихат хатшысы Жұмахан Еңкебайұлы жиналған қауымды Тәуелсіздік мерекесімен және жаңа мәртебелерімен құттықтап, әрқайсысының еңбегіне жеке тоқталып оң бағасын берді. «Әсіресе медицина саласына үлкен басымдық беріп, еңбектерінің ескерусіз қалмағандығын әлемді жайлаған індет уақытында адам жанына араша болған ақ халаттылардың аянбай еңбек етуі» деп айырықша атап өтті.

Тәуелсіздік – ол ұлттық мереке, оның тамыры – жасампаздық рух, ұраны – ел мен халық. Өміршеңдік пен кемелдік аясында өмір сүріп, бейбітшілік, татулық туын биікке көтерген Қазақстан халқы жаңа әлемнің жаңалықтарына ұмтыла бермек. Алдағы уақытта да қиын-қыстау кезінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір-бірімізге демеу болсақ ауданымыздың абыройы асқақтай түсетіні анық. Тәуелсіздік – Тәңір берген тәтті сый. Сол сыйымыздың қадірін біліп, қасиетін ұғынайық, ағайын!

ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

*Перизат НҰРҚАЕВА,
«Талғар»*

1986 жылы Алматыда тәуелсіздік пен бостандық үшін алаңға шығып, сол жолда өмірлерін бәске тіккен Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асановалар бастаған қазақтың батыр ұл-қыздарының өмірін қыршынынан қиған Желтоқсан көтерілісіне биыл 34 жыл толып отыр. Күні кеше аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан әкімі Серікжан Ерекешев ұлы рух пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен жерлес желтоқсаншыларды қабылдады.

Аудан басшысы Тәуелсіздікке жол салушы аға-әпкелерімізге ақжарма тілегін арнап, мерекелік сый-сияпаты мен гүл шоқтарын табыс етті.

Желтоқсаншылар да өз кезегінде сөз алды. Бірінші болып мінберге Алмагүл Шопатова көтеріліп, барша қауымды ұлық мерекемізбен құттықтап, сөз арасында өтініш-тілегін де жеткізді. Желтоқсаншылардың басты арманы



ауданымызда Желтоқсан көтерілісіне арналып монумент бой көтерсе дейді. 1986 жылғы желтоқсанның 17-18 күнгі көтерілістің арқасында 1991 жылы біздің еліміз өз алдына егемендік алып, тұңғыш президентімізді сайлап, тәуелсіз егеменді ел болдық. Тарих беттерін парақтап, қазақ халқы өзінің «Тәуелсіз ел» атануы үшін ұзақ, талай қанды қырғынды, зорлық-зомбылықтарды көрді, қасірет шекті. Соның ақырғысы осы Алматыда болған жастар көтерілісі еді. Бүкіл бір ұлттың сүйегіне таңба түсіріп, әділетсіз шешім қабылданып, халықтың ар-намысы таразыға салынған сын сағатта дүлей күшке қамықпай қарсы шыға келген жастарымыздың ерен ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Сондықтан Желтоқсан оқиғасының ел тарихындағы алар орнының ерекше екенін тілге тиек еткен аға-әпкелеріміз монумент тақтаның өсер ұрпаққа берері мол боларын алға тартты. Содан кейін желтоқсаншыларға қоғамдық көліктерде тегін қатынау мәселесін шешіп беріп, жалғыз басты ана Нағима Тоққожинаның тұрғын үйге мұқтаж екендігін айтты. Кезекпен сөз алған Гүлбаршын Көпесбаева, Серік Кожожуков, Серік Мұхаметали желтоқсаншыларды денсаулықтарын түзеу үшін сауықтыру орындарына тегін жолдамамен қамтып, қала, ауылдарда көше аттарын беру мәселелерін көтерді. Аудан әкімі Серікжан Қазіулы барлық мәселелерді назарға алып, мүмкіндігінше оңтайлы шешуге тырысатынын жеткізді. Жиын соңында барша қауым естелік суретке түсіп, көңілді тарасты.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ МАРАПАТТАЛДЫ

*Райхан АЗИМОВА,
«Талғар»*

Еліміздің ең басты мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында аудан әкімі Серікжан Ерекешев ауданымыздың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүрген бір топ азаматтардың басын қосып, салтанатты қабылдау өткізді. Аталмыш шара Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталды. Жиналғандарды ұлық мерекемен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізген аудан басшысы тәу егер тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін, тарихи маңызын тілге тиек етті. Осыдан соң, ауданның әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуына сүбелі үлес қосып жүрген бір топ азаматтарды марапаттады. Алдымен облыс әкімі А.Баталовтың «Құрмет грамотасымен» еңбек ардагері Нұрпия Тұрғанова, аудандық қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Жасыбаева, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гаухар Салимбаева, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Асқар Шамаев, сонымен қатар облыс әкімінің «Алғыс хатымен» аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің сектор меңгерушісі Гүлбақыт Бекенова,



аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімшесінің басшысы Асем Смагулова, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімшесінің басшысы Жаният Шапиева, Белбұлақ ауылдық округінің әкімі Аслан Қасымбаев марапатталып, сый-сияпат көрсетілді. Бұл күнгі мерекелік шарада аудан басшысы Серікжан Қазіулының қолынан аудан әкімінің «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хатын» иеленгендер қатарында ел игілігі жолында еселі еңбек етіп жүрген сала майталмандары – мемлекеттік қызметкерлер, құқық қорғау орган қызметкерлері, медицина саласы мамандары, ұстаздар, әріптесіміз «Талғар» газетінің жауапты хатшысы Меруерт Дүйсенғалиева да бар. Осындай қуанышқа толы мерейлі марапаттан кейін аудандық мәдениет саласының өнерпаздары әуелете ән шырқап, мерекелік шараны ажарландыра түсті.

САЙЛАУ – 2021

ПАРТИЯНЫҢ ШТАБЫ АШЫЛДЫ



*Перизат НҰРҚАЕВА,
«Талғар»*

Өткен жұмада ауданымызда аудандық «Nur Otan» партиясының аудандық сайтауалды штабы ашылды. Штаб жұмысының міндеті – «Nur Otan» партиясының Мәжіліс және мәслихат сайлауында айқын жеңісіне қол жеткізу. «Nur Otan» партиясы биліктегі басымдыққа ие және жауапкершілігі мол саяси күш ретінде алдағы додаға өз кандидаттарын ұсынды.

Аудандық партия филиалында 4602 партия мүшесі бар. 14 бастауыш партия ұйымдары жасақталған. Аудандық штабтың төрағасы – партия төрағасының бірінші

орынбасары Бакыт Күрішбеков. Штаб құрамына ауданымызға белгілі қоғам белсенділері, партияның Саяси кеңесінің мүшелері және өткен сайлау науқандарына қатысып, мол тәжірибе жинақтаған азаматтармен бірге жастар ұйымдарының белсенді өкілдері енді. Штаб негізгі төрт бағыт бойынша жұмыс жасайды. Біріншісі, қоғамдық қабылдау бөлімінде штаб мүшелері мен кандидаттар аудан тұрғындарының өтініш-тілектерін тыңдап, қабылдау жасап, заң аясында кеңес береді. Екінші бағыт – ұйымдастыру жұмыстары. Бұл бөлім кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін жүйелік кесте жасап, жадынамалармен таныстырады. Одан кейінгі саяси бағыт бойынша түрлі әлеуметтік желілер арқылы жұмыс жасаса,

төртінші, қаржылық бағыт – түрлі қаржылық мәселелерді шешуге бағытталады. Алдағы сайлауға партия 237 сенімді өкілі бекітіліп, 152 ерікті үгіт-насихат парақшаларын таратуға жұмылдырылған. Аудандық штаб жұмысы желтоқсанның 10-нан қаңтар айының 10-ына дейін жалғасады.

Аудандық «Nur Otan» партиясынан облыстық мәслихатқа 7 кандидат, аудандық мәслихатқа 45 кандидат ұсынылып отыр. Бүгінде барлық үміткерлер өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын бастап кетті. Кандидаттың барлығы сайлауалды бағдарламасын жаңа үдерістерге жауап беретін және бірлік, тұрақтылық пен жасампаздықты қамтамасыз етуге бағыттап дайындады. Сонымен қатар партия төрағасы Елбасымыз анықтап берген мемлекеттік бағдарламалары мен сайлауалды бағдарламаларға сүйене межелеген мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Желілік кестеге сай үміткерлер аудан көлемінде 88 үгіт-насихат шарасын өткізуді жоспарлаған.

6 ДЕКАБРЯ – ДЕНЬ ПРОКУРАТУРЫ РК

КОНТРОЛЬ ЗА СОБЛЮДЕНИЕМ ЗАКОНОВ



Ежегодно 6 декабря работники прокуратуры Казахстана отмечают профессиональный праздник – День образования органов прокуратуры Республики. Государственная прокуратура Казахстана начала работать в составе Народного комиссариата юстиции с 1922 года. В 1933 году полномочия прокуратуры были расширены: при Наркомюсте было образовано управление прокуратуры, ставшее относительно самостоятельным. Важный этап развития прокуратуры начался в 1936 году, когда новая Конституция СССР дала Казахстану права суверенной Союзной Республики. С этого момента государственная прокуратура начала работать как самостоятельная структура правоохранительных органов. В ноябре 1937 года был издан приказ о разделении Наркомата юстиции и прокуратуры, которая стала подчиняться непосредственно прокурору СССР. Случались в истории казахстанской прокуратуры и тяжелые времена. За один только 1937

год из этой структуры было необоснованно уволено более 40 работников, некоторые из них были арестованы и осуждены. В годы Великой Отечественной войны многие следователи и прокуроры внесли вклад в дело защиты страны. Только за первый год войны 411 из 885 сотрудников прокуратуры Казахстана ушли на фронт. После того, как Казахстан стал независимым государством, структура и функции прокуратуры отчасти изменились, однако главным направлением ее деятельности остался контроль за соблюдением законов страны. 6 декабря 1991 года было принято постановление «Об образовании единой системы органов прокуратуры Казахской ССР, обеспечении их самостоятельности и независимости». В честь этого дня в календаре появился новый праздник — День прокуратуры. В этот день прокуратура подводит итоги своей деятельности и отмечает лучших сотрудников; устраиваются концерты и прочие торжества.

■ **ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМ**

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚОЛДАЙДЫ

Жуырда қаламыздағы «Эйфория» дәмханасының кең залында өзекті тақырыптарды қамтыған семинар-кеңес болып өткен еді. «Жергілікті қоғамдастықтардың тұрақты дамыту» қоғамдық ұйымы мен «VECTOR» Жастар одағы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған семинарға ауданымыздағы қоғамдық ұйымдар жетекшілері мен қоғам белсенділері шақырылды.

Перизат НҰРҚАЕВА,
«Талғар»



Ондағы мақсат аталмыш ұйымдар ұтып алған гранттарды жүзеге асыру үшін көпшілікпен ой-пікір алмасу болатын. Еліміздегі карантин әлі жалғасын тауып жатқандықтан сақтық шаралары толықтай сақталып, жиынға қатысушылардың ара қашықтығы қадағаланып, санитарлық талаптарға сай бетперде мен қолғап киіп отырды. Жоба модераторы Елена Кеңесова семинар жұмысын бастап берген соң алғы сөзді «Жергілікті қоғамдастықтардың тұрақты дамыту» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Замира Қалымбетова сөз алып, екі бірдей жобасымен таныстырды. «Талғар қаласындағы жергілікті қоғамдастықтардың басым мәселелерді шешуге қатысуын жандандыру» және «Ақпарат өмірді қорғайды» жедел әрекет ету қоры шеңберіндегі «Орталық Азиядағы радикалдану мен жалған ақпаратқа қарсы тұрақтылықты күшейту» жобаларын көпшілікке таныстырып өтті. Аталмыш екі жобасын еуразиялық ұйымдарға ұсынып, біреуін «Еуразия» қорынан ұтып алса, екіншісін «Internews Europe» өкілдігінен ұтып алған.

«Орталық Азиядағы радикалдану мен жалған ақпаратқа қарсы тұрақтылықты күшейту» жобасы ауданымыздағы ұйғыр диаспорасының арасында «Covid-19» вирусының таралуына тосқауыл қоюға бағытталған. Өйткені ауданымызда қазақ және орыс ұлтынан кейінгі үшінші орында ұйғыр ұлты тұр. Олардың саны бүгінде 20 мыңнан асады. Пандемия кезінде ауданымыз бойынша 700 ұйғыр азаматы вирустан көз жұмған. Сондықтан аты жаман індеттен зардап шеккен ұлтқа қолдау көрсетіп, аурудың алдын алу үшін қолға алынған жоба барысында сақтық шараларын көрсететіні бейнероликтер түсіріліп,

үнпарақтар таратып, жергілікті блогерлер мен белсенділердің бейнеүндеулері жарияланбақ. Осылай халықты насихат жұмыстарын жүргізу арқылы пандемиядан арашалап алу мақсаты көзделген.

Ал «Талғар қаласындағы жергілікті қоғамдастықтардың басым мәселелерді шешуге қатысуын жандандыру» жобасы аясында жергілікті қоғамдастықтың қатысуымен Талғар қаласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастырмақшы. Бұл ретте жергілікті қоғам белсенділері мен кварталды комитет жетекшілерінің көмегіне сүйенеді. Әлеуметтік желі арқылы қордаланған мәселелерді оңтайлы шешу жолдарын қарастырып, атқарушы биліктің көмегімен оң нәтижеге жетуді көздейді.

Семинар барысында ұсынылған тағы бір жоба «Талғар ауданында бюджеттік мәліметтердің ашықтығын, айқындылығы мен есептілігін арттыру» жобасы. Жобаны іске асырушы – «VECTOR» Жастар одағы» қоғамдық бірлестігі. Бірлестік директоры Жомарт Кеңесов. Бұл жоба да «Еуразия» қорының өкілдігінен грант ұтып алған. Жобаның мақсаты ауданымыздың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту үшін бюджет қаражатын тиімді пайдалануға ықпалдасу. Халықтың тұрмысын жақсарту үшін бюджет қоржынынан бөлінген қаржының жұмсалымын ашықтығын қамтамасыз ету және атқарушы билік пен үкіметтік емес ұйымдар арасында еркін байланыс орнату. Қарапайым халықты қажетті мәліметтермен хабардар етіп, әкімшілік жұмысының ашықтығын алға тарту мақсатын көздейді. Осы орайда алға қойылған жоспарларымен таныстырған жоба модераторы Елена Кеңесова барша жұртты бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ 2020 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мемлекеттік қызметші – халық пен қоғам арасын жалғастырып отырған алтын көпір болса, халыққа, жалпы қоғамға сапалы қызмет көрсету әрбір мемлекеттік қызметшінің парызы. Мемлекет басшысы бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілерге үлкен сенім артып, тың міндеттер жүктеп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында мемлекеттік қызметшілер мен бағынышты органдардың қызметкерлерін қысқартып, үнемделген қаражат есебінен қалған қызметкерлердің жалақысын көбейту жоспарда. Мұндай жоба мемлекеттік қызметшілердің құлшынысын арттырып, жауапкершілігін нығайта түсетіні анық.

Талғар ауданының мемлекеттік басқару құрылымын 14 мемлекеттік мекемелер мен 10 ауылдық округ және Талғар қаласы құрайды. Мемлекеттік мекеме қызметкерлердің штаттық саны 200 бірлік, бүгінгі күнге нақты жұмыс істейтін қызметкерлер саны - 191.

Әдеп жөніндегі уәкілдің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын, мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша 18 семинар, 3 көшпелі семинар-кеңестер, 6 семинар – «ZOOM» қосымшасы арқылы бейне-конференция байланысы режимінде өткізілді.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарын сақтау мәселелері бойынша барлығы 198 жеке консультациялық көмектер көрсетілді. Мемлекеттік қызметшілерге-146, жеке тұлғаларға-52. Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы нормаларын бұзу фактілері бойынша 4 жеке тұлғалардан өтініштер келіп түсті.

Аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық «Талғар» газетінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтау туралы 8 мақала, интернет-ресурстарында 5 мақала жарияланды.

Мемлекеттік қызметшілерден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында өткізілген анонимді сауалнамаға 363 мемлекеттік қызметші қатысты, талдау барысында мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытында қандай кедергілерге тап болатыны зерделеніп, тиянақты жұмыс істеуге қандай жағдайлар жасалғандығы анықталды. Қызметтік этика нормаларының сақталуына және ұжымдағы моральдық-психологиялық климаттың жай-күйіне мониторинг жүргізу кезіндегі анонимдік сауалнама нәтижелері бойынша талдау жүргізу қорытындылары бойынша қабылданған шаралар саны-7.

Жыл басынан бастап мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған 12 мемлекеттік қызметшілер заңда көрсетілген мерзімде Әдеп Кодекстің мәтінімен жазбаша таныстырылады. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі басылымдарына әдептілік нормаларын сақтауын бақылау бойынша тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. Барлық мемлекеттік қызметшілер әлеуметтік желі пайдаланудағы шектеулер мен ұсынымдармен таныстырылған.

Мемлекеттік қызметшілерді және басқа да азаматтарды қабылдау әр айдың үшінші жұма күні және «Nur Otan» партиясы Талғар аудандық филиалында әр айдың үшінші сәрсенбі күні қоғамдық қабылдауда азаматтарды қабылдау кестеге сай өткізіледі.

Қазіргі таңда әлем бойынша қауіпті вирустан сақтану шаралары өзекті болып отыр. Осы тұста мемлекеттік мекемелердің үздіксіз жұмыс істеуі үшін мемлекеттік қызметшілердің денсаулығын сақтауға көңіл бөлу өте маңызды. Қалыптасқан жағдайда коронавирустық инфекцияның таралу қаупін төмендетуге мүмкіндік беретін және мемлекеттік аппараттың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілердің денсаулығын сақтау мақсатында қашықтан жұмыс режимін қолдану жұмыстары жүргізілді.

Еліміздің ертеңі бүгінгі мемлекеттік қызметшілердің адамдық парасаты мен кәсібилігіне байланысты болғандықтан, «Біздің міндет – халыққа қызмет» – деп Елбасы белгілеп берген ұран аясында елге деген адалдықтың ақ туын абыроймен ұстануымыз қажет.

А. Әшімақұн,
аудан әкімінің орынбасары – Әдеп жөніндегі уәкіл

ХАБАРЛАНДЫРУ

Талғар ауданы әкімінің орынбасары – Әдеп жөніндегі уәкіл Әшімақұн Ахмет Әшімақұнұлы.

Қабылдау күндері: әр айдың үшінші жұма күні сағат 15.00 -ден 17.00-ге дейін.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің бұзылғаны туралы теріс қылық анықталған жағдайда төмендегі мекенжайға хабарласыңыз:

Талғар қаласы, Д.Қонаев көшесі №65, 501 кабинет, байланыс телефондары: 8(72774)-2-00-47, 8(72774)-2-17-08

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Зместитель акима Талгарского района - Уполномоченный по этике Ашимахун Ахмет Ашимахунұлы

Дни приема: третья пятница каждого месяца с 15.00 до 17.00 ч.

В случае выявления проступка о нарушении Этического кодекса государственными служащими Республики Казахстан просим обращаться по указанному адресу г.Талғар ул.Д.Қонаева №65, телефон: 8(72774)-2-00-47. 501 кабинет, телефон доверия: 8(72774)-2-17-08

Ақ құстыңы

ӘНІ



ақ құстың «Жүректен кіріп бойды алар әсем әні» көңіл түкпіріндегі сағынышты оятып, жанды тебіrentкені сонша «шымырлап бойға жайылғанда» көзге еріксіз жас келеді. Әсем ән баяу ғана тербеле басталып, кенет әуелей көтеріле беріп, демде шарықтап кеткенде онымен бірге көкке көтерілгендей күй кешесің. Аспан әлемінде ботақанын еркелетіп жүрген әкенің сағым бейнесі бір сәтте ғайып болып, әлгі бір сиқырлы әуен аяқ астынан баяулағанда таулардың да қирай шағылған шағы елжіреген жүректі тіпті егілтіп жібереді. Өте жоғары талғаммен жасалып, керемет үйлесім тапқан ән мен әншінің осындай ауыр, әрі ғажайып композицияны тұтас дүниеге айналдырып, тап-тұйнақтай етіп әлем алдына алып шығуы казактың ән өнеріндегі тағы бір құбылыстың пайда болғаны, тағы бір жарық жұлдыздың жанғаны деп білеміз.

«Балалар арасында өткен әйгілі «JUNIOR EUROVISION-2020» ән байқауында Қарақат Башанова II-орын иеленді» деп сүйіншілеп жатқан БАҚ-тың жақсы жаңалығы барша қазақстандықты елең еткізді. «Хабар» агенттігінің Еуропалық хабар тарату одағына мүше болуына байланысты Қазақстан бұл байқауға қатарынан үшінші жыл қатысып келеді.

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ, тілші

Жақсы жаңалықтан хабардар қауым «Баласы атқа мінсе, шешесі үйде отырып тақымын қысады» дегендей, салтанатты сайыста ел намысын қорғау үшін барын салған жұдырықтай ғана ақ құстың тілеуін тіледі. Бір айта кетерлігі, биыл үшінші рет еліміздің жас таланттары Қазақстанның ғана емес, Азияның намысын қорғап, дүбірлі додада алдыңғы орыннан көрінді. 2018 жылы Дanelия Тулешова қатысып, 6-орынды иеленсе, 2019 жылы қатысқан Ержан Максим II орынды иеленген болатын. Конкурс ережесіне сәйкес жеңімпаз қай елден болса, келесі байқау сол елде өтуі тиіс болғандықтан 2021 жылы аталмыш ән сайысы Францияда өтетін болады. Өйткені биылғы бас жүлде француздық әнші Валентинаға бұйырды.

құсым», «Арманым жетемін» әндерін нақышына келтіре орындап жүлделі орындарды иеленіп жүрді. Скрипка мен фортепианода шебер ойнайтын Қарақаттың бұл әндерін әнге құмар, әуездің мәнін түсініп, мәйегіне қанған балалардың барлығы сүйіп айтады.

Халықаралық байқауда кішкентай ғана ақ құстың орындаған әнінің авторы – Хамит Шанғалиев: «Мен де осыдан бес жыл бұрын аяулы әкемнен айырылып қалдым. Шығармашылық адамы болғандықтан іштегі сағынышты әнмен жеткізгім келгенде туған ән еді. Ән орындаушысын тапты деп толық айта аламын. Өйткені осы әнді орындаған Қарақаттың да әкесі өмірден өткеніне бес жыл болыпты... Өміріміздегі осы бір сәйкестік кездейсоқтық болғанымен, жан жарамыздың бір болғаны әнге қанат бітірді», – деп ағынан жарылды журналистерге берген бір сұқбатында. Ал әкесін аңсап, жүрегі сағынышқа толған Қарақат болса мұндай көзін сәл төмен салып: «Әкеме әніммен болса да алғысымды айтқым келді» – дегенде тулаған жүрек алқынып тамаққа тығылып, көздің жасын парлатқанын қалай жасырайық?! Жан жарасына ем тапқандай болған сан мыңдаған адамның бұл әнді қайта-қайта тыңдағанына еш күмән жоқ. Әншісін тапқан әннің бағы ашылып, тыңдарманын тамсатқаны анық. Сахнада болып жатқан құбылысты қашықтан болса да жіті бақылап отырған қазылар алқасының да аузы ашылып, көздері жұмыла тындап, ғажайып әннің әсерінен жанарларына іркілген жасын жасыра алмағанына да көрермен қауым куә болды.

Ән мазмұнына орай жасалған сахналық композицияның әнші мен әуелеген әннің әсерінен тұтас қойылымға айналып, барлық көрерменді ішкі иіріміне баурап әкеткені сөзсіз. Балапанның жеңісіне қуанған елдің осы қойылым ішінде әншімен бірге барлық көңіл-күйді бастан кешірген сәтін сөзбен жеткізу мүмкін емес, ол үшін әнді толық тындап, видеожазбаны бастан-аяқ түсініп көру керек. Әлем аспанында қалықтаған

Өмірден өтіп, мәңгілік мекенге жеткен әкелердің асқақ рухына бас иіп, жүректе



тұнып қалған сары тап сағынышты мөлдіретіп алып шыққанда әннің құдіретін шын сезіндік. Осылайша шынашақтай ғана алтын жүректі аппақ құстың «Сенерім сен едің, сен едің тілектесім» деп күйкылжыта салған «Forever» әні тұңғыықта тыныштық тапқан әкелер рухын көкке көтеріп, әкесін аңсаған мыңдаған, тіпті миллиондаған жанның жүрегіндегі мәңгілік сағынышты оятып, күллі Еуразияны тебіrentті.

Балапанының қанат қаққанына қуанған халықтың ақжарма тілегі ақтарылған шақта ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та Қарақатты жеңісімен құттықтап, Twitter-дегі парақшасында: «Қарақат Башанованы «Балалар Евровидениесі-2020» байқауында

керемет өнер көрсетуімен құттықтаймын. Ол осы беделді халықаралық сайыста Қазақстанның абыройын асырып, жүлделі 2-орынды иеленді», – деген жазба қалдырды.

Белгілі журналист Амангелді Сейтханов: «Чемпион сенсің, Қарақат! Өйткені сені тебіrentбей тыңдау мүмкін емес! Кіп-кішкентай жүрегінде тербеліп, күміс көмейіңнен шыққан сарын жер-әлемге тарайды. Себебі, сен жаныңмен айттың, бүкіл болмысыңмен, түсінігіңмен, ой-өрісіңмен шырқадың! Әкең қандай бақытты! Алмасжанның Алла алдынан жарылқасын. Арманы орындалды. Рас, сенің кешегі шарықтауыңды, шырқағаныңды көре алмады, бірақ сезінген шығар. Сезінбеуі мүмкін емес. О дүниедегі әкеңе сезілген әуен, сағыныш сарыны бұ дүниедегілерге әсер етпейді дейсің бе, Қарақат! Әсер еткенде қандай! Анаң Әлияға Алла риза болсын! Жақсы тәрбиелеген екен. Бойыңдағы ізгілік, әдеп, тектілік сені одан сайын сүйкімді ете түскен. Кісіге тіке қарамайтының, кішіпейілділігің, үлкен-кішіге деген құрметің Сенің тек дарын иесі ғана емес, мейірімді екенінді де паш етіп тұр», – деп қаршадай қыздың бар болмысын ашып, ағалық ақ тілегін білдіріп, қуанышымен бөлісті.

Ән әлемінде өз қолтаңбасын қалдырып, ақылына көркі сай болып желкілеп өсіп келе жатқан өрімдей Қарақаттың жеңіске жетуіне шын тілекші болған Димаш Құдайбергенов осыған дейін де ел атынан қатысқан екі әншіге ақылын айтып, тілекші болғаны есімізде. Алтындай ағасының, елінің тілегі қабыл болып, ізінен ерген ақ құсы жеңістің туын желбіретіп, туған елін қуанышқа бөлеп, жүректерді шаттыққа толтырды. «Құдай тіл-көзден сақтасын!» дейтін ырымшыл қазақтың ақ ниетіне қосыла отырып, күллі Еуропаны әнімен әлдилеген ақ құстың қанаты талмасын, әрдайым арман-мақсатына жетіп, зеңгір көкте самғасын деген ізгі тілек білдіреміз!

ОНЛАЙН-ФОРУМНАН ТҮЙЕР ОЙ КӨП



қоғам үшін пайдасы зор. Мәселен, «Ас беру мәдениеті» халықты ысырапшылдыққа жол бермей, асқа құрметпен қарауға баулиды.

Алмуханбет Интиқбаев, Еркін ауы-

лындағы «Ай-Абылай» мешітінің бас имамы: – Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Ислам – мәдениет пен ізгіліктің бастауы» атты имамдардың IV

республикалық онлайн-форумына мен де қатыстым. Талғар ауданының бас имамы Қажымұқан Қамбарұлының ұйытқысымен еліміз үшін маңызы зор форумнан Талғар ауданының имамдары да қалыс қалмады. Маған онлайн-форумда «Зират және зиярат мәдениеті» құжаты таныстырылғаны өте орынды көрінді.

Халық арасында Ислам дінін кеңінен насихаттап, халықты ізгілікке шақыратын имамдар қауымының білімді, жан-жақты, заманауи болуы – заман талабы. «Зияткер имам» құжатының әзірленгені соның айғағы. Шариятты кеңінен қаузап, дін мен қоғамдағы түрлі мәселені жан-жақты қарастыратын зияткер имам Қазақстан қоғамына ауадай қажет», – деді.

«Талғар-ақпарат»

ОТБАСЫ – МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІКТІҢ МЕКЕНІ

Отбасы – мемлекеттің бір бөлшегі. Отбасы – бір-бірін сүйіп қосылған ерлі-зайыптылардың мейірім мен махаббатқа толы мекені. Ұрпақ тәрбиелейтін, тыныштық орнаған асыл шаңырағы. Осы шаңырақ адамгершілік пен адалдықты, тектілік пен тәрбиені қалыптастырушы тетік іспеттес. Әр шаңырақтың өзіндік ережесі болатыны сияқты, мұсылман шаңырағы да өзіндік құндылығымен ерекшеленеді. Осы орайда Талғар ауданының бас имамы Қажымұқан Қамбарұлымен исламдағы отбасы құндылықтары жайлы ой бөлісуін сұраған едік.



– Қажымұқан Қамбарұлы, отбасы құрудың өзі мұсылманға сүннет. Дінімізде ақ некенің, отбасы құрудың негізгі қағидалары неде?

– Шариятымызда отбасы құрудың негізгі қағидалары мен максаттарын Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өз хадистерінде көрсетіп кеткен. Алла Тағала да Қасиетті Құранда ерлі-зайыптылар жайында бірнеше аяттар келтіреді. Шариятымызда кезкелген нәрсенің орны болғаны сияқты, некенің де өзіндік орны бар. Ғалымдарымыз неке тақырыбын жұртқа түсінікті болу үшін «неке – қыздың бір тал ұзын шашы іспеттес» дейді. Ол сондай бір нәзік, екі басынан күш салып тартсаңыз үзіліп қалады. Сол сияқты некенің бір басында ер адам, екінші басында әйел адам тұрады. Некеге ағусті, жеңіл қарауға әсте болмайды. Бұл адам өмірінде болатын өте жауапты әрі маңызды шешім. Қазақ ағамыз “Бір күндік ұрыстың қырық күн кесірі бар” деп тегін айтпаған. Қайсыбір шаңырақта ұрыс-жанжал болмайтын болса, ол үйде Алланың берекесі орнайтыны анық. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» демекші, ата-ананың үлгі-өнегесін бала кішкентайынан бойына сіңіріп өседі. Ерлі-зайыптылардың сөздері бір жерден шығып, бір-біріне Алла разылығы үшін демеу, қолғабыс бола білсе дүниеге келген ұрпақтарының да осындай тәлімді ұяда өсіп-өнуі үлкен бақыт болса керек. Данағөй қарттарымыз айтушы еді: «Әркім өз ауласын таза сақтайтын болса, көше таза болады» деп. Сол сияқты әркім өз отбасына берік болып, ер адам отбасындағы өз міндетін дұрыс атқарса, әйел адам үйдің жылуын кіргізіп, алтын қазығы болып отырса Исламдағы отбасы құндылықтары осында.

– Құран Кәрім ерлі-зайыптыларды «Әйелдерің сендердің киімдерің, сендер әйелдеріңнің киімісіңдер» деп сипаттайды. Мұның хикметі неде?

– Біріншіден, киім дегенді «адамның ұятты жерін жабатын нәрсе» деп қарастырамыз. Екіншіден, «адам көркі – шүберек» деп жатады, яғни сәндік үшін киеміз. Жалпы киімнің адамға пайдасы көп. Ыстық пен суықтан қорғайды, әуретін жабады, т.с.с. Оның пайдасын айтып тауыса алмаймыз. Тап осы сияқты Құранда келген бұл аяттың да мысалы осыған ұқсайды. Яғни ерлі-зайыптылар адам болғаннан кейін, қателік жасамауы мүмкін емес. «Бүкіл адам баласы қателесуші» деп Алла Тағала Құран Кәрімде айтқан. Қателескен ердің айыбын әйел жаба алса, оған киім бола алғаны. Әйелінің кемшілігін жолдасы жаба алса, бейне бір әурет жерді жапқан киімдей болады. Ибн Касир сынды ғалымдарымыз аят мағынасын күнәлі істерден қорған болып, жақсылықта бір-біріне қолдау білдіріп жатуы, деп түсіндірген.

– Отбасы – мейірімділік пен жылулық, жанашырлық орнаған Отан. Исламдағы мұсылман отбасының ерекшеліктері қандай?

– Қасиетті Құранда Алла Тағала “Мен адам баласын ардақты етіп жараттым” дейді. Алла Тағала адам баласына қалау деген нәрсені берген. Адамдардың дінді тандауы, ұстанымды тандауы өз еркінде. Аллаға мың да бір шүкір Алланың бізге берген теңдесіз байлығы бар. Ол – иман. Осы иманды сақтап қалу – әрбір адамның мойнындағы міндеті. Ғалымдарымыз айтады: «Адам баласының дүниеге адам болып келуі оңай, ол Алланың ісі. Адам болып қалу, адам болып кетуі қиын дүниеден». Осылардың барлығына адам баласының өсіп, жетілген ортасы – отбасы себеп болады. Бала да, ерлі-зайыпты да осы шаңырақтан қалай шығады дәл солай қоғамда қалыптасады. Ал енді мұсылман

шаңырағы несімен ерекшеленеді? Мұсылман шаңырағы таңда шақырылған азанымен ерекшеленеді. Астың алдында, астың соңында жасалған дұғасымен ерекшеленеді. Барынша әдептілік сақтауымен өзгеше. Алдында тұрған бір адамға жетерлік астың екі адамға, ал екі адамға жетерлік астың төрт адамға жететінін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтып кеткен. Міне осы алдындағы асқа шүкір етуімен ерекшеленеді. «Ислам дінінің жартысы тазалықтан тұрады» деп Пайғамбарымыз айтып кеткендей, тазалық сақтай білу – негізгі дүние. Тазалық адам баласының үстіне кір жуытпай жүру емес, жүрісі мен сөйлеген сөзінде, істеген әр амалында тазалықты ұстану – бұл біздің басты қағидамыз. Міне, исламдағы отбасының ерекшелігі осында.

– Ер адам – отбасының бағбаны, ал әйел – үйі мен бала-шағаның бақташысы. Отбасында ер мен әйелдің міндеттері қандай?

– Пайғамбарымыздың осындай мәшһүр хадисі бар. Әрбіріміз басшымыз және соны сезіне білуіміз керек. Басшы деген нәрсенің сұрауы болатын дүние ғой. Басшы кез келген адамның алдында жауап бере алуы керек. Сол сияқты ер адам өзінің отбасына жауап береді. Ең бірінші жұбайы, одан кейін балалары, балаларынан тараған немерелері деген сияқты. Мұндағы жауапкершілікті көптеген адамның түсінбей жату себебі – біз тек материалдық дүниемен шектеліп жатамыз. Яғни балаларымыздың киімі бүтін, қарны тоқ болса, әйеліміз заманның талабынан қалмай құрбыларымен тең жүрсе, ер адам «мен өз міндетімді толық атқарып жатырмын» деген жалған ойда болады. Негізгі міндет бұл емес. Материалдық дүние керек, бірақ ол ең бастысы емес. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтады: «Әке-шеше баласына бұдан асқан мирас қалдырған емес. Ол – көркем мінез». Яғни көркем мінезді ең бірінші өзіңіздің бойыңызға, одан кейін отбасыңыздағы жұбайыңыз бен балалардың бойында қалыптастыру, үлкенді сыйлау мен кішіге ізет көрсетуі ұйрету, сондай-ақ Алланың алдындағы құлшылық-міндеттерімізді орындауымыз – бұл біздердің басты міндетіміз. Ал енді әйел затына келетін болсақ, ең бірінші Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ер адамдарға: «Сіздердің ең жақсыларыңыз – өздеріңіздің әйелдеріңізбен дұрыс қарым-қатынаста болғандарыңыз» деп нүктесін қояды. Әйелдерге байланысты көптеген хадистер келеді. Солардың бірінде «жұмақтың сегіз қақпасы болса, соның қалағанынан кіреді» деп келеді. «Ол қандай әйел?» десе, «ол-бұл дүниеде жүргенде күйеуінің разылығын таба білген әйел» деп айтады. Жалпы әйел міндеті ең әуелі өзінің шаңырағындағы, ерлі-

зайыптылар арасындағы сырлар, барлығына аманат деп қарап, сақтауынан басталады. Ердің тауып келіп жатқан дүниесі, айлығы әйелдің қолында немесе белгілі бір мөлшері әйелде болуы мүмкін. Сол күйеуінің тауып келген дүниесі мен өзіне аманат етілген баласына басшылық етіп, дүниесін орнымен жұмсау – әйелдің міндеті.

– Соңғы көрсеткіштерге сүйенсек, елімізде биылғы жылы 12 мыңнан аса жұп ажырасқан екен. Ажырасудың алдын алу үшін ерлі-зайыптылар негі ескеруі қажет?

– Иә, бұл бүгінде ең бір өзекті мәселе болып отырғаны рас. Жасыратыны жоқ, мешітте қанша неке қиып жатсақ, сонынан кейбір адамдар, әйелі немесе ері неке куәлігін құшақтап, «біз ажырасып кетіп едік, мынаны не істейміз» деп келіп тұрады. Бұл жағдайды біз де зерделеп көрдік. Көбінде ата-аналар балаларын үйлендіру үшін қарызға батып зулім тойханаларда той жасайды. Жағдайы бар отбасылар балаларына қымбат көлік, тіпті баспана да сыйлап жатады. Соған қарамастан, өкінішке орай көптеген отбасылардың шаңырағы ортасына түсіп, ойран болып жатады. Оған баршамыз куә болып та жүрміз. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деп тегін айтылмаған ғой. Ажырасудың себептері де әр түрлі болып келеді. Материалдық жағдайы жақсы отбасылары да, тұрмыс тауқыметін тартып жүрген жанұялар да, мінез-құлықтары жараспаған жастар да айырылысып жатады. Ең өкініштісі, балалардың толық емес отбасында тәрбиеленуі, олардың нәзік психологиясы мен жан дүниесінің жаралануы. Мұның өзі ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізетіні айтпаса да түсінікті. Осыдан түйетініміз, басты себеп – ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік, жауапкершілік деген нәрсе жетіспеуі. Ал сүйіспеншіліктің негізгі тірегі ол – түсіністік, кешірімділік, сабырлық, сыйластық болса керек. Мысалы, ер адамдарға қарата айтылатын дүние, сіздің алғалы жатқан болашақ жарыңыз, әйеліңіз ол – біреудің аялаған қызы. Сіздің басыбайлы құлыңыз емес. Осыны ескеру қажет. Ал әйел затына қарата айтылған қазақ сөзі бар: «Қайсыбір қыз ұзатылып, басқа шаңырақтың табалдырығын аттап жатса, ол жерге ол бақытты боламын деп бармайды. Ол жерді бақытты қыламын деп барады». Осындай маңызды әрі қарапайым қағидаларға ағусті қараудың себебінен жиі ажырасу фактілері орын алуа. Сондықтан біз қашанда Пайғамбарымыздың өмірінен үлгі алуымыз керек. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің жұбайларымен бала болып ойнағаны, оларға қашанда қарайласқаны бізге үлгі. Ата-бабаларымыз өмірі де үлгі, олар да әйелмен жақсы қарым-қатынаста болған. Егер осындай дүниелер ескеріліп, орындалып жатса, мүмкін жаңа өзіңіз айтқан статистикалар азаяр ма еді...

– Сұхбатыңызға рахмет!

Дана Ерланқызы,
«Тұран» университеті журналистика
мамандығының
4-курс студенті

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ- МЕНІҢ ТІЛІМ

**САУАТТЫ КӘСІПКЕРЛЕР
МАРАПАТТАЛДЫ**



Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру мақсатында Талғар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Сауатты жарнама – тіл тазалығының көрінісі» атты аудандық онлайн байқауының қорытындысы жарияланды. Нәтижесінде Тұздыбастау ауылдық округі атынан қатысқан қатысушы жеке кәсіпкер Даулет Халелұлының «№ 1 сауда орталығы» бас жүлдеге ие болды. I орынды Талғар қаласынан қатысушы «Асхана» ЖК Гүлзира Тұрлықожақызы жеңіп алса, Алатау ауылдық округі, Қызыл-Қайрат ауылынан қатысушы ЖК Ризвангуль Иминованың «Амир Али» сауда кешені және Панфилов ауылдық округі атынан қатысқан ЖК Алма Өмірзаққызының «Алмас» дүкені II орынды иеленді. Ал III орынға Кеңдала ауылдық округінің намысын қорғаған ЖК Жандос Тұрсынжанұлының «Ақниет» сауда кешені, Гүлдәла ауылдық округі, Жаңа Қуат ауылынан қатысушы ЖК Сансызбай Беріктің «Береке» сауда орталығы, сондай-ақ, Гүлдәла ауылдық округі, Кіші Байсерке ауылынан ЖК Әлия Мирамбекқызының «Еңлік+» балабақшасы жайғасты. Қалған қатысушылар ұйымдастырушылар атынан «Алғыс хатпен» марапатталды. Пандемия кезінде жауапкершілік танытып, белсене қатысқан барлық қатысушыларға бөлім басшысы Ф.Мамырбекқызы алғысын білдіріп, әрқайсысының еңбегі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге деген зор қадам екенін баса айтып өтті.

«Талғар-ақпарат»

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МЕРЕЙІ!



Қазіргі таңда туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтін отандастарымызды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» заң талаптарын бұза отырып орналастырылған маңдайша жазулары мен жарнамаларды жиі кездестіреміз. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемеуі – қазақ тілін биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Осы бір олқылықтың орнын толтыру мақсатында аудан көлемінде бірнеше жыл қатарынан «Мемлекеттік тіл және жарнама» атты науқан ұйымдастырылып келеді. Биыл да қалыптасқан дәстүрден аттамай аталған шара өз жалғасын тапты. Бұл орайда, ауылдық округ әкімдігі жанынан сараптау тобы құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. Сараптау тобының мүшелері жыл көлемінде округ аумағында орналасқан бірқатар нысандарға барып, зерделеу жұмыстарын жүргізіп қайтты. Анықталған кемшіліктердің басым бөлігі округ аумағында жаңадан ашылған сауда нысандарында орын алуда. Себебі,

жаңадан ашылған сауда нысандарының иелері «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» заңының 21 бабында көрсетілген талаптарды жетік білмегендіктен, кейбір қателіктерге бой алдыруда. Жеке кәсіпкерлерге сараптау тобының мүшелерімен дереу түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кемшіліктерді түзету жөнінде ескертпе паракшалар толтырылып, уақыт берілді. Жеке кәсіп иелері туған тіліне құрметпен қарайтындықтарын іспен көрсетіп, қателіктерді түзетуге бірден кірісіп жатты. Жанашыр азаматтардың бұл ісі кез келген жүрекке жылу сыйлары анық. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің де болашағын жарқын қылуға қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Дәл осы ұстанымдағы Кеңдала ауылының кәсіпкерлері қолдарынан келгенше қазақ тілінің мәртебесін арттыруда аянып қалмай, бір жұдырықтай жұмылып атсалысуда.

*А.Берикбаева,
«Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты»
ММ-нің бас маманы*

АЛҒЫС

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ - ЖАРҚЫН
БОЛАШАҚ КЕПІЛІ!**



Құрметті Талғар қалалық балалар кітапханасының оқырмандары! Ағымдағы жылы Талғар қаласындағы Мәдениет үйінің жылу жүйесін жөндеуден өткізіп, үлкен ғимаратымызды табиғи газбен қамтамасыз етті. Үлкен игі іс-шараны мақсат етіп, оны жүзеге асырып, нәтижесін көру қашанда білікті басқару мен үлкен еңбекті қажет етеді. Осы орайда, Талғар ауданының әкімдігіне және аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Фарида Бегенбаеваға, Мәдениет үйінің директоры Берік Шағаевқа айтар алғысымыз шексіз. Мәдениет үйінің екінші қабатында орналасқан Талғар қалалық балалар кітапханасы сіздерге әрдайым іші жылы, жарық та кең жерде қызмет көрсетуге дайын. Біздің кітапханада екі зал жұмыс жасайды. Оқу залы мен абонемент бөлімдері. Кітапхана аптасына бес күн: таңғы 9:00-ден, кешкі 18:00-ге дейін сіздер үшін қызмет атқарады. Дүйсенбіден жұмаға дейін білімге құштар, кітапты дос санайтын жандар үшін әрдайым есігіміз айқара ашық. Түскі үзіліс 13:00 ден 14:00-ге дейін екенін де ескере жүріңіздер. Кітапхана қорында 39 872 дана кітап бар. Оның ішінде мемлекеттік тілде 8 039. Оқу залында жас оқырмандарға арналған 3Д және ашылмалы кітаптар мен қатар инновациялық қалам және электронды қазақ үй, сөйлейтін кітаптарымыз бар. Білім есігін жаңадан ашқан бүлдіршіндерге арналған әліппе, қазақша буынға бөліп оқып үйренуге арналған әртүрлі суретті кітаптар, тіл жаттықтыруға арналған тақпақты кітаптарда жетерлік.

Білімді ұрпақ - жарқын болашақ кепілі! Ендеше, кітаппен дос болып, кітапханаға жиі жол тартып тұрған дұрыс.

*Г.Шурабекова,
Талғар қалалық балалар кітапханасының кітапханашысы*

МОЛОДЕЖЬ - 2020

**ЗАЩИЩАТЬ РОДИНУ -
СВЯЩЕННЫЙ ДОЛГ**



*Фатима ЕРЖАНОВА,
«Талғар»*

Так считает наш земляк Нурымов Адылжан Файзылович, который отслужил в армии в качестве воина-стрелка, добившись хороших показателей по службе. Судьба нашего героя не баловала, ибо родители его умерли, и он рос на руках старшей сестры. Родился Адылжан 24 февраля 1998 года, в семье является самым младшим ребенком. В 2015 году окончил СШ № 19 с.Кызыл-Кайрат Алатауского сельского округа, затем в 2018 году получил диплом, окончив технику-экономический колледж АТУ. В армии Адылжан решил отслужить добровольно, потому

что посчитал священной обязанностью постичь азы военного дела. Итогом его добросовестной службы являются его многочисленные награды и похвальные грамоты от руководства воинской части, где он служил. Службу он проходил в Карагандинской области в воинской части АК-159/11 в должности стрелка, за отличившиеся заслуги при прохождении службы через полгода его повысили до должности старшего стрелка, затем через 4 месяца он получил звание ефрейтора. Руководство отметило его талант и незаурядные способности, отличные физические данные, которые способствовали достижению отличных показателей при несении воинской службы. Такие как Адылжан - гордость поколения, представляющие подрастающую молодежь. Он - достойный пример для тех, кто еще колеблется и не желает выполнять воинский долг. В будущем Адылжан думает связать свою жизнь с военным делом. Пожелаем ему в этом удачу!



ЕРТАЙДЫҢ ЕРЛІГІН ҰМЫТПАЙЫҚ

Алаштың асыл азаматы, қазақ ұлтының тәуелсіз ел болуы жолында жанын пида еткен Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқта, білмейді де. Ұлт-азаттығы-ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі алдында өсіп дамиды, жеміс береді» – деп жазған болатын. 1986 жылы 16-18 желтоқсан күндері Алматыда болған «Желтоқсан көтерілісі» сол кезде аспан аударылып жерге түскендей оқиға болды.

Тұрсынбек ЖАЛҒАСБАЕВ,
«Талғар»

Ресей империясының құрсауында болған Қазақ ұлты сол кезде өз тілінде сөйлей алмайтын, Алматы астанасы болса да бұл қалада тұра алмайтын шерменде болған ұлт еді. Алматыда бір-ақ қазақ мектебі болған болса, қалғанының бәрі орыс мектебі еді.

Қалада қазақтың үлесі 18-20 пайызды құраса, қазақ жастары мен түрлі оқу орындарында оқитын студенттердің бәрі де тек жатақханаларды қоныс ететін. Ал Ресейден келген славян ұлтының өкілдері Алматыда шалқып өмір сүріп, қаладан екі-үш пәтерден иемденіп, ісіп-кеуіп жүретін. Қазақты басынғаны соншалық,

екі қазақ бір-бірімен ана тілінде сөйлесіп тұрса, «Сендер неге жабайылардың тілінде сөйлесіп тұрсындар? Кәне, біз түсінетін орыс тілінде сөйлеңдер!» – деп зілдене, айбат шегетін. Осындай қорлықты көріп келе жатқан қазақ ұл-қыздары ақыры 1986 жылы 16 желтоқсанда жанартау болып атылды. «Тұрып жатқан елінің тілін тек

қонақтар, ақымақтар немесе сол елде өз тілінде сөйлесу тәртібін орнатуды көксеген басқыншылар ғана білмеуі мүмкін» – деп неміс ұлтының ұлы ойшылы Карл Маркс айтқандай, 16-18 желтоқсан күндері қолдарындағы ақ матаға: «Қазақ ұлтына қазақ басшы керек!» – деген жазу жазып алғын өрімдей-өрімдей қазақтың ұл-қыздарын Ресейден әкелінген Кеңес Одағы әскерінің арнайы дайындалған «жендет» кейпіндегі жирен сары солдаттары аямай ұрып-соғып, қайта бас көтере алмайтын етіп қан-жоса етіп тастады.

Міне, осы көтерілістің бел ортасында жүргендердің бірі Алматыдағы архитектура институтының бірінші курс студенті Ертай Көпесбаев еді. Семей облысының тумасы, сол жылы жазда Герман Демократиялық Республикасында сарбаздық міндетін атқарып келген болатын. Сол бір қанды көтеріліс күндері алаңда мерт болған Ербол Сыпатаев сияқты ондаған қазақ боздақтары көп болса да, отаршылдар билеген Үкіметке алаңда өлген Савицкий сияқты славян ұлтының өкілдері қымбат еді. Славян өлтірген адамды тез арада табуды көздеген ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеушілері, алаңда көзге түсіп қалған Қайрат Рысқұлбеков, Түгелбай Ташенов, Жамбыл Тайжұмаев, Қайыргелді Күзембаевтарды «кісі өлтіруші» деп танып, оларды ұзақ жылға соттап жіберді. Ал олардың қатарында болған Ертай Көпесбаев жабылған жаланы еш мойындамай қойды. Суық түрмеде ұстап, үстіне жиі-жиі суық су шашып, түрлі азаптар көрсетсе де бір сөзінен қайтпай қойған қайсар бозбаланы Қазақ ССР-нің Жоғары соты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 173, 65, 60-статьяларымен төрт жылға соттап жіберді. Ақтөбе маңындағы Хромтау түрмесінде азапты жылдарын өткерген Ертай Көпесбаев 1990 жылы ақталып шықты. Сол жылы Сарқанд ауданының қызы Айбаршын Жұмағалиқызымен отау құрып, Талғар қаласына қоныс тепті. Қаладағы газ шаруашылығында, аудандық автотранспорт кәсіпорнында жүргізуші болған Ертай түрмедегі азапты жылдарында алған ескі сырқаттан 2015 жылы мәңгіге көз жұмды. Қайсар азамат халқының азат ел болғанын, басқа ұлттар сияқты бостандықтың тәтті дәмін татқанын өз көзімен көріп кетті.

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ЕЛ БОЛАЙЫҚ

16 желтоқсан – еліміздің егемендігін жариялаған күн. Сол күні көгімізде тәуелсіздік туы желбіреді. Содан бері 30

жылға таяу уақыт өтті. Осы өшпес жылдар белесінде Қазақстан экономикасы қарыштап дамыды. Саясаттағы сындарлы бағыт өз жемісін беруде. Береке-бірліктің арқасында әлем таныған іргелі мемлекетке айналдық. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Қазақстанның биік табысына қол жеткізген президенттік билік және осы жылдары оның басында үздіксіз болған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке факторы екеніне де ешкім күмәндана алмайды.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата-бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды. Сондықтан тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге үздіксіз арқау боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек. Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Сондықтан о бастан-ақ рулар тайпаларға, тайпалар одақтарға, ал тайпалық одақтар елге, халыққа айналу үшін үздіксіз күресті, жан алысып, жан берісті. Өйткені халық болып қалыптаспай, тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру мүмкін емес еді. Мұны бұрынғылар жақсы түсінді. Жылдан-жылға дамып, өркендеп келе жатқан біздей жас мемлекеттің алдағы жетістіктері өте мол деп нық сеніммен айтуға болады. Осының бәрі тәуелсіз елдің мақтанышы деуге болады. Еліміздің туы көкте қалықтап, ынтымағы жарасқан ел болайық!

Аяулы Оспанова,

№15 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

ОТАНШЫЛДЫҚ РУХ СЕЗІЛГЕН КҮН



Қазақстан Республикасы үшін Тәуелсіздік күні – ең басты мереке. Себебі, осыдан 29 жыл бұрын дәл осы күні дүниежүзілік саяси картада жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы ойып тұрып орын алып, бүгінде әлем мойындаған жеке жолымызды бастап кеттік. Сондықтан болар бабалар аңсаған тәуелсіздікті бүгінгі ұрпақ өз деңгейінде ұлықтап, карантиннің қатаңдығына қарамастан атап өтуде. Сондай игі шараның бірі Панфилов ауданына қарасты Ө.Бөкейхан атындағы орта мектепте де өрбиді. Білім ордасының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Зағбаеваның басшылығымен 4-9-сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылып, оқушылар Қазақстанның өткені мен бүгінін саралап қана қоймай, болашағына да ой жүгіртті. «Тәуелсіздік – мақтанышым», «Тәуелсіздік – жыр-әнiм, «Тәуелсіздік тұғыры» сынды тақырыптармен өткізілген тәрбие сағаттары Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылып, оқушылар слайд арқылы Тәуелсіз еліміздің тамыры – жасампаздық рух болса, тұғыры – тіл, ұраны – ел мен халық екенін

ұға білді. Мектеп ұстаздары болса өзгелер ғасырлап өтетін, ал біреулері мүлдем мақрұм кететін тарихи жолды бар болғаны ширек жасқа жетпей тәмамдағанымызды, ол да болса Елбасымыздың, кешегі бабалар ерлігінің рухын алған, ертеңгі ұрпағына жол салған бүгінгі замандастарымыздың, сіздер мен біздердің еселі еңбектеріміздің арқасы екенін ұғындыра білді.

– Өміршендік пен кемелділік аясында бейбіт әрі тату ғұмыр кешіп жатқан туған жеріміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған ұстаным бойынша тек өркендеп, алға басып келеді. Мұның көрінісі



деп білім мен ғылымға құштар бүгінгі ұрпақты айтуымызға болады. Жастардың бойында отаншылдық рух пен сенім болса алынбас асу болмас деп ойлаймын. Сондықтан да осы тектес іс-шараларды өткізуге тиіспіз, – дейді аталмыш мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Молдашқызы.

Ұ.Молдабекова,
зейнеткер-ұстаз

Семья

ЭТО — «СВЯТИЛИЩЕ» МОРАЛЬНЫХ И ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Женщина, о которой пойдет речь в нашей статье, не нуждается в специальном представлении талгарской публике, ибо знающая ее как бизнесвумен, предпринимательницу «высокого размаха и полета», аудитория информирована об ее деловых и чисто человеческих качествах, являющих собой настоящую харизматическую личность.



Фатима ЕРЖАНОВА,
«Талғар»

нашей героини – это не просто энциклопедия, это образец становления, развития и созидания маленькой ячейки общества, которая доказала и показала своим жизненным примером, как нужно жить, как необходимо строить отношения между членами семьи, как добиваться успеха. Кулянда Уалихановна Батырбекова - это человек огромной души и щедрого сердца, которая ставит во главу угла, прежде всего, интересы общества, интересы простых людей, выше государственных, ибо для нее ничто человеческое не чуждо. Это качество ее натуры и характера стал принципом всей ее жизни, и его она привнесла в свою семью. В ее семье всегда царят любовь, добро, мир и взаимопонимание. Она сама является центром этого мироздания, основой этой вселенной, под названием Семья! Без дружной семьи, без их любви и понимания, не было бы процветания в деле развития бизнеса. Она вспоминает, как начинала свой бизнес очень тяжело, пришлось идти на крайние меры, жертвовать последними материальными благами, продав на тот момент все свое имущество, влезая в кредиты. Но это не страшило смелую женщину, так как рядом был крепкий семейный тыл в лице любимых дочерей, надежного супруга, с которым связывают прочные отношения. Ее девиз, ставший жизненным: «Никогда

не сдаваться! Если мы вместе, то у нас все получится», - был руководством к действиям во всех ее благих начинаниях. Мне посчастливилось побывать во всех открытых ею образовательных учреждениях, находящиеся на территории всем известного микрорайона «Жана Куат», граничащего на стыке между Талгарским и Илийским районами. Когда-то там не было даже дороги, не было нормальных подъездных путей, нынче построены по всем высоким меркам шикарные детские сады и школы, соответствующие не побоюсь сказать, международным стандартам. Кулянда Батырбекова на сегодняшний день - успешный основатель и учредитель образовательных комплексов, садика «Еркем-Ай» и частной школы «Дана». Этот успех пришел благодаря умелому труду, таланту, прежде всего, ее дочерей, Венеры, Динары и Ренаты. Дочери ее - отображение ее самой, но только в усовершенствованном и стильном обрамлении. Младшая Венера окончила институт народного хозяйства, занимается поставкой продуктов и отвечает за качество питания. Вторая дочь Динара окончила КазГУ международную экономику, отвечает за финансы и хозяйственный анализ. Старшая дочь Рената родилась в один день с отцом, была любознательным ребенком, обладает аналитическим и математическим умом, дарованным от природы талантом и жизнеспособностью. Окончила школу с золотой медалью, затем

престижный по тем временам КИМЭП, окончила успешно МВИ. Но на этом не ограничила свое образование и продолжила учиться в магистратуре в Назарбаевском Университете, ныне - она директор частной школы «Дана» и отвечает за все учебные программы в этих учебных заведениях. Все дети, так или иначе, задействованы в бизнесе, их усилиями создавалось то, что имеют они сейчас. Все это семейное гнездышко было создано при посильном участии ее любимого супруга Толегена, с которым она связала свою судьбу еще в далеком 1982 году и уже вместе почти 40 лет. Он отвечает за все хозяйство со своей командой, создает тепло и уют не только в доме, но и в образовательных учреждениях. В созданных ими образовательных детских учреждениях, учебный процесс поставлен очень на высоком уровне, родители, обучающие своих детей очень довольны, высказывают свои откровенные отзывы. Имея за плечами ответственное образование, Кулянда Уалихановна экономист, финансист, аналитик, юрист, обучалась по международной сертификации ISO (качественный подход в образовательной системе), но считает по сути своей себя педагогом от бога, ибо очень любит детей. Все вышеперечисленные профессии ей очень помогают в сегодняшней деятельности. В настоящее время дошкольное воспитание, которое она прививает воспитанникам, соответствует мировым стандартам. Это самое главное! И можно сказать с уверенностью, что задачу номер один по образованию и воспитанию детей, как личностей, как граждан своего Отечества, она выполнила на пять с плюсом, как выполнила с честью и достоинством не менее важную задачу - создать крепкую, надежную и настоящую семью, у которой моральные и духовные принципы выше всего. Семья — это надежная гавань, где царят уют, радость и душевный покой. И чтобы сберечь этот бесценный дар, нужно трудиться. Посмотрев на эту счастливую семью, понимаешь, что главными ценностями, несмотря ни на что, остаются любовь и уважение друг к другу. Только за крепкой семьей – крепкое государство. Стоит отметить, что с каждым годом в районе и в целом в Казахстане хороших и крепких семей становится больше. Как говорил Елбасы, каждая крепкая семья – это маленькое государство, а из маленьких крепких семей-государств складывается наша большая семья — Республика Казахстан. Пожелаем нашей героине только удачи во всех ее начинаниях, и высоко нести звание быть Матерью своей прекрасной и примерной семьи, являющей собой образец для подрастающего поколения и всех других семей!

Чем же может похвастать на сегодняшний день эта незаурядная женщина, обладающая талантом быть всегда первой, быть всегда на виду, наполняя сердца окружающих любовью и ожиданием чуда? И энергии, бьющей через край, и активной жизненной позиции, у нее не отнять.... А похвастать есть чем, ибо она по нынешним меркам не только успешный предприниматель, но и обладатель настоящей семьи с большой буквы, без которой данный успех был бы невозможен.

Семья была и остается хранительницей ценностей, культуры, духовности, фактором стабильности и развития. Благодаря семьям – связующим звеньям между разными поколениями, крепнет и развивается наше государство. Любовь к Родине начинается с любви к семейному очагу. История каждой семьи – большая энциклопедия казахстанской жизни. История семьи

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘҢІРДЕН БЕРГЕН ТӘТТІ СЫЙ

МЕРЕКЕЛІК ІС ШАРА



Тәуелсіздік күніне орай Талғар аудандық кітапханасының оқу залында «Тәуелсіздік тұғыры – ұлы дала арманы» атты іс-шара болып өтті.

Бұл шараға Талғар ауданы Кеңдала ауылының тұрғыны ақын Бексұлтан Қайырбайұлы жұбайымен, Еңбекшіқазақ ауданаралық әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ғалым

Талантұлы, ҚР ішкі істер министрлігі Алматы облысы мамандандырылған күзет қызмет басқармасы ММ 2 полиция батальоны (Талғар, Есік қалалары) 2 взводының командирі, полиция аға лейтенанты Арман Бақытжанұлы және 2 взводтың жеке құрамымен (Өтеген батыр ауылы) 3,4 взводтарының жеке құрамы, 3 взвод командирі, полиция капитаны Ержан Жәнібекұлы және 4 взвод командирі, полиция капитаны Асқар Серікұлы қатысты. Жиналған қауымды алдағы мерекемен құттықтап, кітапхана директоры Махамбет Хармысов шараның шымалдығын ашты.

Ақын Бексұлтан Көлбаев «Жүректен мәңгі кетпейді, Желтоқсанның ызғары-ай» атты өлеңін оқып, мамандандырылған күзет қызметкерлеріне тілектестік ниетін білдірді. Сонымен қатар жиналған көпшілік «Желтоқсан жаңғырығы – Тәуелсіздік» атты кітап көрмесімен танысып, Өскемен қаласында студенттерді алаңға алып шыққан 16 жасар Сабира Мұхамеджанқызына арналған «Қаһарман қазақ қызы» атты бейнероликті тамашалады. Бір минуттық үнсіздік жарияланып, жазықсыз құрбан

болған боздақтарымызды еске алды.

Өз кезегінде сөз алған 2 полиция батальоны (Талғар, Есік қалалары) 2 взводының командирі, полиция аға лейтенанты Арман Бақытжанұлы боздақтарымыздың ерлігін еске алып, қонышынан қан кешкен қаһармандарымыздың күшімен келген Тәуелсіздік мерекесімен әріптестерін құттықтап, ақ жарма тілегін білдірді.

Иә, бір кезде Отан үшін деп жанын қиған жастар енді Тәуелсіздік үшін, ар-намысын, ата-баба дәстүрін жоғары көтеру жолында ереуілге шықты. Олардың бұл өжеттілігі ұлтшылдықтың белгісі еді. Азаттық, Теңдік, Тәуелсіздік. Осы бір үш ұғымның салтанат құруы үшін кімдер бас тікпеді, кімдер құрбан болмады? Желтоқсан оқиғасы бүкіл ұлтымыздың жанын жаралап, жүрегіне ызғар шашып кетті, бостандық үшін өрімдей жап-жас қыз жігіттер құрбан болды. Ел қорғауды ұран етіп, құрбан болған батыр бабаларымыздың есімдері алтын әріппен тарихта қалды. Біз әрдайым ержүрек азаматтардың от жүрек үніне, қыздардың намысын қорғаған ерлігіне, күнәсіз күйіп кеткен келбетіне бас иеміз.

Ризвангул Төлегенқызы,
аудандық кітапхана әдіскері

Есть немало людей, чьими именами можно гордиться и образ жизни которых является примером для подрастающего поколения.

Фатима ЕРЖАНОВА,
«Талгар»



**Малькеев
Алханбек
Малькеевич**

– Гүлдана Алханбековна, вы знаете, что ваш отец – знаменитая личность, именем его названа в Талгаре улица, на территории юридического колледжа стоит стела, а рядом с ней расположен памятник видному государственному и общественному деятелю, участнику Великой Отечественной войны, поэту и композитору Алханбеку Малькееву. Это честь для талгарцев, поэтому хотелось бы узнать больше о нем, расскажите, пожалуйста, о его биографии, происхождении, о вкладе в общественно-политическую, культурную жизнь страны.

– Именем А. Малькеева названы улицы в городах Талгар и Иссык, в Кызыл-Кайрате, Талдыбулаке. В г. Иссык находится КТЛ имени Алханбека Малькеева. Такое решение приняли его современники, которым посчастливилось лично знать Малькеева Алханбека Малькеевича, прожившего яркую, но такую короткую жизнь...

«О вкладе в общественно-политическую, культурную жизнь страны» сегодня можно судить по его биографии, по его песням, по его стихам.

БИОГРАФИЯ

Алханбек Малькеевич Малькеев родился 5 мая 1915 г. на Торе-джайляу аула Жарсу (с. Джана-Турмыс) Чиликского района Алма-Атинской области. Алханбек – третий сын в семье, в которой было пять сыновей и две дочери.

В 1925 г. на 38-м году жизни скончалась мать, Турдыбала Бапек-кызы.

Отец Алханбека, Мальке Бердибай-улы (~1878 – 1933 гг.), всю свою жизнь занимался животноводством. В 1929 г. вступил в колхоз. В 1931 г. (к этому времени Алханбек окончил 7-летнюю сельскую школу) Мальке отправил троих старших сыновей – Нусупа, Нусупбека и Алханбека – в город Алма-Ата. До города добрались Нусуп (1911 – 1985) и Алханбек, по дороге похоронив Нусупбека. Нусупа сразу призвали в конармию. А Алханбек поступил на курсы монтеров, в свободные от учёбы дни работал на каменоломне, разгружал вагоны на вокзалах – полностью обеспечивал себя сам. В 1931-1932 гг., окончив курсы, работал монтером городской трансляционной сети в г. Алма-Ата. В 1932-1934 гг., вернувшись в с. Джана-Турмыс, работал учётчиком, бригадиром

Но есть немного людей, оставивших яркий след на земле, явивших собой настоящий образец человечности, добропорядочности и гуманизма. Такой личностью был Малькеев Алханбек Малькеевич, вклад которого в общественно-политическую жизнь страны не оценим. Представляем вашему вниманию интервью с дочерью этого знаменитого человека.

полеводческой бригады колхоза «Джана-Талап». В 1933 г. во время эпидемии брюшного тифа погибли все жители джайляу, в том числе вся семья Мальке. В живых остались только два брата, Алханбек и Нусуп. (Нусуп Малькеевич Малькеев всю жизнь проработал в колхозе «Алма-Ата» Илийского района Алма-Атинской области, инвалид Великой Отечественной войны II группы, участник Сталинградской битвы; отец девятерых детей.)

В 1934-35 учебном году Алханбек Малькеев учился в г. Алма-Ата на годичных курсах по подготовке начальников политотделской радиостанции при Казнаркомземе. По окончании курсов в апреле 1935 г. по июль 1936 г. Малькеев Алханбек работал в ст. Бурное Джувалинского района Южно-Казахстанской области начальником политотделской радиостанции Бурненской МТС.

С августа 1936 г. до января 1940 г. Малькеев Алханбек учился в Алма-Атинском техникуме связи на радиофакультете и одновременно работал заместителем директора ФЗУ связи по политчасти, преподавателем казахского языка на подготовительных курсах и освобождённым секретарём комитета

комсомола техникума, одновременно возглавляя культурно-массовый сектор. (За отличную учёбу и активное участие в общественно-политической жизни техникума был награждён путёвкой в Крым – летом 1939 г. один месяц отдыхал в санатории в Севастополе.) С сентября 1939 года Малькеев А.М. – член КПСС. 24 декабря 1939 г. Малькеев Алханбек Малькеевич был избран депутатом Алма-Атинского городского Совета депутатов трудящихся.

7 января 1940 г. Малькеев Алханбек был призван в ряды Советской Армии. Службу проходил в г. Керки Туркменской ССР: с января по май 1940 г. курсантом полковой школы 182 горно-стрелкового полка 68 стрелковой дивизии, а с мая 1940 г. по февраль 1941 г. – заместителем политрука там же. В первой половине 1941 г. прошёл обучение на 6-месячных курсах по подготовке политсостава Красной Армии в Высшей партшколе в г. Ташкент. В июле – декабре 1941 года был комиссаром 450 стрелкового полка, дислоцировавшегося в г. Сари в Иране. С декабря 1941 г. по июнь 1944 г. воевал на Центральном, Калининском, Первом Прибалтийском фронтах Великой Отечественной войны. Прошёл боевой путь от рядового до майора, комиссара отдельного

политических и научных знаний Казахской ССР за активное участие в деле распространения политических и научных знаний среди трудящихся;

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 20 октября 1956 г. – медалью «За освоение целинных земель»; Указом Президиума Верховного Совета СССР от 11 января 1957 г. награждён орденом Ленина; 24 января 1957 г. – благодарственной грамотой Всесоюзного общества по распространению политических и научных знаний за активное участие в лекционной пропаганде среди трудящихся Эмбекши-Казахского района Казахской ССР; 23 мая 1957 г. – медалью участника ВСХВ (Всесоюзной сельскохозяйственной выставки);

18 октября 1958 г. награждён грамотой Президиума Верховного Совета Казахской ССР за досрочное и высококачественное выполнение правительственного задания по строительству высокогорной автомобильной дороги станица Иссык – озеро Иссык.

Малькеев А.М. все годы работы с декабря 1939 г. по февраль 1948 г. избирался депутатом Алма-Атинского городского Совета депутатов трудящихся. С 1952 г. – депутат районных, областных Советов народных депутатов. С 1955 г. – депутат Верховного Совета Казахской ССР, член

ЕГО ОБРАЗ ПРИМЕР

противотанкового артиллерийского дивизиона 101 отдельной стрелковой Казахской бригады, сформированной в г. Актюбинск. В феврале 1944 г. награждён орденом Боевого Красного Знамени, в 1945 г. Указом ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР от 9 мая 1945 г. – медалью «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.». Малькеев А.М. – участник Парада Победы на Красной площади 24 июня 1945 г.

С октября 1945 г., демобилизовавшись из рядов Советской Армии, Малькеев А.М. работал в г. Алма-Ата:

октябрь 1945 г. – август 1946 г. – директор политпросветтехникума;

август 1946 г. – апрель 1948 г. – начальник Управления кадров и учебных заведений Комитета по делам культпросветучреждений при Совете Министров Казахской ССР; май – июль 1948 г. – инструктор Алма-тинского обкома КП Казахстана; июль 1948 г. – 19 сентября 1951 г. – заведующий Сектором информации Алма-Атинского обкома КПК; 19 сентября 1951 г. – 28 сентября 1952 г. – заместитель заведующего Отделом пропаганды и агитации Алма-Атинского обкома КПК.

28 сентября 1952 г. Малькеев Алханбек Малькеевич Алма-Атинским обкомом КПК направляется в ст. Иссык первым секретарём Эмбекши-Казахского райкома КП Казахстана, где работал по 26 января 1960 г.

26 января 1960 г. Малькеев А.М. был избран первым секретарём Илийского райкома КП Казахстана и работал там до конца своей жизни – до 04 августа 1960 г.

За работу в эти годы Малькеев Алханбек Малькеевич был удостоен нескольких правительственных наград: 3 февраля 1956 г. награждён грамотой Президиума Правления Общества по распространению

Президиума Верховного Совета Казахской ССР. С мая 1960 г. – член ЦК КП Казахстана.

Малькеев А.М. был делегатом VI, VII, VIII, IX, X съездов Компартии Казахстана, был приглашённым на XX съезд КПСС (14 – 25 февраля 1956 г., Москва)

Малькеев А.М. с 24 августа 1959 г. – член Союза писателей СССР, с 1960 г. – член Союза композиторов Казахстана.

В июне 1960 г. Малькеев А.М. заочно окончил исторический факультет КазПИ им. Абая.

В годы Великой Отечественной войны.

Началась Великая Отечественная война. Не исключалась возможность нападения фашистов и с юга, поэтому южные границы СССР укреплялись. 450 стрелковый полк, где Малькеев Алханбек был комиссаром батареи, в июле 1941 г. пешим порядком через Каракумы прибыл в г. Сари в Иране.

Из Ирана в декабре 1941 г. майор Малькеев Алханбек Малькеевич был направлен в г. Актюбинск, где началось формирование 101 отдельной стрелковой бригады.

В 2010 г. издательством «Жеті жарғы» в г. Алматы была издана книга ветерана ВОВ Какена Абеннова «Операция «Марс». Казахи в долине смерти». В этой книге опубликованы также и архивные документы о 100 и 101 ОСБ: формирование, подготовка, высший командный состав на период участия в операции «Марс», краткая характеристика боевых действий во время этой операции, именные списки погибших.

100 (формировалась в Алма-Ате) и 101 Казахские отдельные стрелковые бригады находились в составе 39-й Армии Калининского (генерал-полковник М.А. Пуркаев) фронта. Первая военная операция, в которой участвовала 101 ОСБ, – это операция «Марс», или «Вторая

Ржевско-Сычёвская наступательная операция», которая проводилась войсками Западного (генерал-полковник И.С.Конов) и Калининского фронтов с 25 ноября по 20 декабря 1942 года.

Из беседы обозревателя «Правды» В. Кожемяко с Президентом Академии военных наук, доктором исторических наук и доктором военных наук, генералом армии Махмутом Ахметовичем Гареевым о «Ржевском выступе».

М.А. Гареев: «...Германское командование вначале ставило своей целью разгром советских войск на западном направлении, овладение Москвой. После провала наступления в 1941 году оно стремилось любой ценой удержать ржевско-вяземский выступ для возобновления удара на столицу... На Московском направлении действовали отборные, самые боеспособные и в основном только немецкие дивизии... Цель советского Верховного Главнокомандования состояла в том, чтобы удержать Москву, сорвать попытки противника продолжить наступление на Московском направлении, лишить его ржевско-вяземского плацдарма, а осенью 1942 года, кроме того, сковать основные силы группы армий «Центр» и не допустить переброски вражеских резервов на

Начало наступления – 9.00 28.11.42 г. К 12.00 28.11.42 г. бригадой были заняты Букарево и Кувшиново. Захвачены трофеи – склад боеприпасов, 25 винтовок, 12 ручных пулемётов...

К 16.00 2-й и 3-й с.б. с боем вышли на южную опушку роши 1 км севернее Мишуково. Атака Мишуково успеха не имела и батальоны отошли на исходное положение, где приводили себя в порядок.

29.11.42 г. с этого же рубежа части бригады четыре раза атаковали Мишуково. Все атаки были отбиты. 01.12.42 г. бригада, совместно с 81-й т.бр. четыре раза атаковала Мишуково и, понеся потери, вернулась на исходное положение, где и закрепилась. (По данным ЖБД 81-й т.бр. в атаке Мишуково 01.12.42г. участвовали танки в составе: 1 КВ, 5 Т-34, 2 Т-70, атака не удалась, 2 Т-34 сгорело, 3 Т-34 было подбито, 1 Т-70 сгорел).

03.12.42 г. двумя ротами 2-го и 4-го с.б. совместно с батальоном 348 с.д. два раза атаковали Мишуково. Атаки наших частей были отбиты и части отошли в исходное положение. 04.12.42 г. согласно приказу Штарма 39 бригада приняла участок обороны 158 с.д. на рубеже: выс. 229, безымянной высоты 700 м западнее Зайцево, где удерживали оборону до

воспоминания ветераны – однополчане Малькеева Алханбека Куланбай Копишев, «Каһармандар» («Сквозь грозные тучи»), изд. Казахстан, Алма-Ата, 1981; Хаким Бекишев, «Батальон, алға!», изд. Казахстан, Алма-Ата, 1985.

Ещё в 1944 г. однополчанин Малькеева Алханбека Куланбай Копишев написал это произведение:

Комиссар біздің Мәлкеев Қараңғы түн. Қан майдан. Нажағай-от жарқылдап, Бір-біріне салды ойран, Екі жақ та жата қап. Зеңбіректер зіркілдеп, Күңірене атылды. Алай-түлей жер мен көк, Орман да отқа шарпылды. Комиссар сонда Мәлкеев,

Кеткендей бір еңкейіп. Ер боп тұсаң өмірде, Жалғыз қадам шегінбе. Келген жоқсың өлуге, Келгенсіңдер жеңуге. Бұл иттерді қонаққа. Жоқ едік қой шақырған. Тура соқ, бет қаратпа, Ал жақсылап алқымнан. Кәне, достар, қалқам, - деп, - Бастап кетті Алханбек. Комиссар сөзі - ел кегі, Шабуылға шықтық біз. Комиссар сөзі дем берді, Жауды үңгірге тықтық біз. Жауар күндей күркіреп, Тисек өрт боп әр тұстан. Қашты фашист дүркіреп, Қашты, қашты қас дұспан. Өсіп бір кетті көркейіп, Комиссар біздің Мәлкеев. Ырзамын! - деп айқайлап, - Атап солдат аттарын. Жібереік ал жайпап... Ұмтыл, - деп, - бо-лат-та-рым!

ЖИЗНИ — ДЛЯ МНОГИХ

Сталинградское направление». Эта задача, поставленная Ставкой ВГК перед операцией «Марс», была решена полностью.

Высший командный состав 101-й Отдельной стрелковой бригады на период участия в операции «Марс».

1. Командир бригады – полковник Яковленко Севастьян Яковлевич, 1901 г.р. Военный комиссар бригады – Алев Нури Латфуллович, 1898 г.р. Заместитель командира бригады – Садыбеков Муса Шайкович, 1915 г.р., майор. Начальник штаба бригады – Одеров Павел Михайлович, 1903 г.р., подполковник.

2. Военком штаба бригады – Шунаев Унай, 1912 г.р., ст. политрук. 101 ОСБ состояла из нескольких дивизионов. Майор Малькеев Алханбек Малькеевич был комиссаром Отдельного истребительно-противотанкового артиллерийского дивизиона 101 ОСБ, командиром этого дивизиона был Меджитов Хамит.

Единственный брат Малькеева Алханбека Нусуп Малькеев в это время воевал на Сталинградском фронте, участвовал в Сталинградской битве, во время которой 12.12.42 г. был тяжело ранен в ногу. Был представлен к правительственной награде – ордену Отечественной войны II степени.

Из книги К. Абенова «Операция «Марс». Казахи в долине смерти»:

Краткая характеристика боевых действий 101-й Отдельной стрелковой бригады в период её участия в операции «Марс».

Начало боевых действий бригады положено 26.11.1942 г.

В 18.00 получен частный боевой приказ Штарма 39 №2, согласно которому бригада из района сосредоточения (д. Дулово) должна сосредоточиться в районе Плоты, Сухуша, Трушково, лес 1,2 км с-в Сухуша. В ночь на 28.11.42 г. части заняли исходное положение для наступления на рубеже.

07.12.42 г.

07.12.42 г. в 5.00 бригада сдала участок обороны 136-й о.с.бр. и к 10.00 сосредоточилась в р-не Букарево, Кувшиново, где приводила себя в порядок – производила переформирование.

По приказу Командующего 39-й Армии 4-й с.б. в полном составе был направлен в распоряжение командира 135 с.д. с задачей – очистить рошу западнее Кондраково, Гончуки от противника, прорвать кольцо окружения и вывести из окружения два полка 135 с.д. и 7 танков.

С 12.00 13.12.42 г. 4-й с.б. приступил к выполнению поставленной задачи и к 18.00 задача была выполнена – батальон прочесал около 4 км леса и прорвал кольцо, в котором находились два полка 135 с.д. Своими огневыми средствами были уничтожены до 200 немецких солдат и офицеров. К 8.00 14.12.42 г. батальон вернулся в расположение бригады.

С 08.12.42 г. по 17.12.42 г. части бригады оборудовали опорные пункты в районе Букарево, Кувшиново. 18 и 19.12.42 г. бригада вела бой за овладение рошей в районе Сосково, успеха не имела и, продвинувшись на 400 – 600 м, закрепилась. В ночь на 22 и 23.12.42 г. бригада сдала участок обороны 158 с.д. и к 8.00 23.12.42 г. сосредоточилась в районе роши 800 м с-з Дуброво. В ночь с 28 на 29.12.42 г. бригада приняла участок обороны 1174 с.п. 348 с.д...

С 26.11.42 г. по 29.12.42 г. бригада понесла потери:

Убито 744; без вести 313; ранено 2 544 человека.

Общие потери – 3 601 человек, при первоначальной общей численности бригады на 25.11.42 г. – 4 918 человек.

ЦАМО РФ. Ф. 101 о.с.бр., Оп. 1. Д. 29.

О боевом пути 101 ОСБ написали свои

Алға, алғалап уралап, Жігер құйып келеді. Өзі де атып тұра қап, Зытса фашист күледі: Болды ма ұяң талқан! - деп, - Комиссар біздің Алханбек. Боялып нұрға шығыс жақ, Дегендей бір бойың жаз.Басылды ұрыс тыныстап, Ішінде едік блиндаж. Сағындым, - деп, - осыны, Махоркесін тартты да, Сағындым, - деп, - кашаны. Асап соғып жатты да: Қандай жақсы «талқан», - деп, - Күлдірді кеп Алханбек. Секілді ғой көп ертең. Сол бір күндер ойдағы. Қызық еді-ау Алханбек. Мінезі бар жайдары. Сұм фашистен алған өш, Азамат та, батыр да, Қарапайым адал дос, Жанға жылы жақын да. Қалайша ұмытып кетейік, Комиссар біздің Мәлкеев! («Махоркесін тартты да...») - папа не курил ни до войны, ни после.) После Калининского и Центрального фронтов Малькеев Алханбек сражался на Первом Прибалтийском. Вот содержание выложенного в интернете представления к ордену Боевого Красного Знамени майора Малькеева Алханбека.

Краткое, конкретное изложение личного боевого подвига или заслуг.

Находясь непосредственно у оружейного расчёта 9.10.43 г. майор Малькеев, обнаружив тщательно замаскированный, находящийся(ся) в засаде танк противника, открыв огонь по танку, зажёл его, танк сгорел, а удирающие танкисты были уничтожены снарядом. 10 ноября в районе д. Межно, когда противник дважды переходил в атаку, атаковывал наши передовые подразделения, тов. Малькеев открыл огонь с орудия и подавил огонь 4 пулемётов, из ручного пулемёта лично уничтожил 10 гитлеровцев. В трудные минуты боя т. Малькеева всегда можно видеть у оружейного расчёта, который беседует с бойцами, подымая наступательный порыв, в результате чего оружейные расчёты имеют большой успех в борьбе с немецкими захватчиками.

Командир ОИПАД, капитан Герашенко. Орден Боевого Красного Знамени майор Малькеев Алханбек получил в феврале 1944 г.

В июне 1944 г., когда вся территория СССР была освобождена от фашистов, Малькеева Алханбека в числе нескольких молодых офицеров, проявивших свои незаурядные способности на фронтах Великой Отечественной, отправили в Москву учиться военной специальности. С июня 1944 г. Малькеев Алханбек учился в Московской военно-юридической академии Советской Армии. В составе колонны этой Академии майор Малькеев Алханбек Малькеевич участвовал в Параде Победы 24 июня 1945 года на Красной площади в Москве.

Осенью 1945 г. Малькеев Алханбек был награждён медалью «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.»

